

| | |
|---|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы «Клиникалық фармакология» пәнінің жұмыс бағдарламасы | 41/ 16 беттің 1 беті |

Силлабус
«Клиникалық фармакология» пәнінің жұмыс бағдарламасы
6В10101 «Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы

| | | | |
|--|---|--|-----------------------|
| 1. | Пән туралы жалпы мағлұмат | | |
| 1.1 | Пән коды: KF 5304 | 1.6 | Оқу жылы: 2025-2026 |
| 1.2 | Пәннің атауы: Клиникалық фармакология | 1.7 | Курсы: 5 |
| 1.3 | Реквизитке дейінгі: Фармакология-1, Фармакология-2. | 1.8 | Семестрі: 10 |
| 1.4 | Реквизиттен кейінгі: интернатура деңгейінің пәндері | 1.9 | Кредит саны (ECTS): 4 |
| 1.5 | Циклі: БНП | 1.10 | Компоненті: ЖК |
| 2. | Пәннің сипаттамасы | | |
| Ауруларды емдеу және алдын алу үшін неғұрлым тиімді жәнқауіпсіз дәрілік заттарды таңдаудың клиникалық-фармакологиялық тәсілі, клиникалық-фармакологиялық талдау жүргізу және дәрілік терапияны сараптау негіздері, клиникалық ұсынымдар, диагностика және емдеу стандарттары, клиникалық фармакология саласындағы ғылыми зерттеулер негізінде медициналық ұйымдарда дәрілік формуляр әзірлеу | | | |
| 3. | Жиынтық бағалау түрі | | |
| 3.1 | ✓ Тестілеу | 3.5 | Курстық |
| 3.2 | Жазбаша | 3.6 | Эссе |
| 3.3 | Ауызша | 3.7 | Жоба |
| 3.4 | Тәжірибелік дағдыларды бағалау | 3.8 | Басқа (көрсету) |
| 4. | Пәннің мақсаты | | |
| Студенттерде клиникалық ойлау, Ішкі аурулардың негізгі синдромдары кезінде ересектер мен балаларда дәрілік заттарды таңдау дағдыларын қалыптастыру. | | | |
| 5. | Оқытудың соңғы нәтижелері | | |
| 1ОН | Білімі мен түсінігі Дәрілік заттарды тиімді және қауіпсіз пайдалану мәселелері бойынша білімдерін көрсетеді. | | |
| 2ОН | Білім мен түсінікті қолдану Дәрі-дәрмектерді таңдайды, дәрі-дәрмектерге рецепт жазады, жас ерекшеліктерін және организмнің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мөлшерлеу режимін анықтайды | | |
| 3ОН | Білім мен түсінікті қолдану Дәрі-дәрмектердің жағымсыз әсерлерін таниды, дәрілердің жанама әсерлерінің алдын-алуды және түзетуді жүзеге асырады. | | |
| 4ОН | Тұжырымды қалыптастыру Дәрілік препараттардың фармацевтикалық, фармакокинетикалық және фармакодинамикалық өзара әрекеттесуін болжайды | | |
| 5ОН | Қарым-қатынас дағдылары Сапалы медициналық көмек көрсету мақсатында денсаулық сақтау ісі мамандарымен тиімді өзара іс-әрекет жасауға қабілетті. | | |
| 6ОН | Оқуға қабілеттілік Сәйкес зерттеу мәселелерін тұжырымдауға, кәсіби әдебиетті сыни бағалауға, өзінің күнделікті қызметінде дәрілік заттардың халықаралық дерекқорларын, емдеудің клиникалық хаттамаларын тиімді пайдалануға қабілетті. | | |
| 5.1 | Пәннің ОН | Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері | |
| | 1ОН 2ОН 3ОН 4ОН | 4 ОН Аурулардың жиі кездесетін және ерте түрлерін диагностикалауға, емдеуге, алдын алуға бағытталған тиімді іс-шаралар жүргізеді. | |
| | 4ОН 5ОН | 7 ОН Медициналық практика мен зерттеуде ғылыми принциптерді, әдістер мен білімді қолданады. Үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуге және дамытуға қабілетті. Клиникалық практикаға жаңа әдістерді енгізеді. | |
| | 6ОН | 10 ОН ҚР Денсаулық сақтау жүйесінің электрондық базаларында жұмыс істейді, медициналық қызмет көрсету процестерін құжаттандыруды қамтамасыз етеді | |
| 6. | Пән туралы толық ақпарат | | |



| | | | | | | | |
|--------------|--|---|--------------------|---------------------------|---------------|--|---|
| 6.1 | Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы, Аль-Фараби алаңы 1, 4-ші қабат аудитория № 419, 421, 425, 431, 434, № 4 дәріс залы. | | | | | | |
| 6.2 | Сағаттарының саны | Дәріс 10 | Тәжір. сабақ 30 | Зерт.сабақ - | БӨЖ 68 | ОБӨЖ 12 | |
| 7. | Оқытушылар туралы мәліметтер | | | | | | |
| № | Т.А.Ж. | Дәрежесі және лауазымы | | Электрондық адресі | | | |
| 1 | Орманов Намазбай Жаппарович | профессор | | ormanov48n@mail.ru | | | |
| 2 | Ташимова Сауле Адасбековна | м.ғ.кандидаты, доцент м.а. | | Saule.tachimova59@mail.ru | | | |
| 3 | Заварницына Елена Владимировна | ассистент | | elena_2303_1976@mail.ru | | | |
| 4 | Асан Айнура Асанқызы | MD, ассистент | | klin_farmakolog@mail.ru | | | |
| 8. | Тақырыптық жоспар | | | | | | |
| Апта/ күн | Тақырып атауы | Пәннің қысқаша мазмұны | | Пәннің ОН | Сағат саны | Оқыту технологиясының формасы / әдістері | Бағалау әдістері/ формалары |
| 1 | Дәріс Клиникалық фармакология негіздері. | Негізгі фармакокинетикалық параметрлері және олардың клиникалық маңызы. ДЗ таңдау және оларды мөлшерлеу режимін анықтау үшін фармакокинетикасының мәні: енгізу жолы, сіңуі, биожетімділігі, ақуыздармен байланысы, таралу көлемі, метаболизмі, жартылай шығарылу кезеңі, клиренс, шығару жолдары мен жылдамдығы. Пациенттердің әртүрлі топтарындағы ДЗ фармакокинетикасының ерекшеліктері. | | ОН1 | 1 | Шолу | Кері байланыс (сұрақ- жауап) |
| | Тәжірибелік сабақ. Тыныс алу органдары ауруларының клиникалық фармакологиясы. ӨСОА және бронхиттің рационалды фармакотерапиясы. | Дәрі - дәрмектерді дұрыс таңдаудың клиникалық және фармакологиялық тәсілдері, мөлшерлеу режимі, ӨСОА және бронхит кезінде препараттарды қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау. Бронхо-обструктивті ауруларды емдеуге арналған заманауи ұсыныстар. Бронх демікпесінің ұстамасын тоқтату және негізгі терапияға дәрілік препараттарды тағайындау принциптері. Бронхо-обструктивті ауруларды емдеуге арналған заманауи ұсыныстар. Халықаралық емдеу хаттамасы. | | ОН1 ОН2 ОН3 | 3 | Сабақтың тақырыбын талқылау Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. | Ауызша сұрау тест тапсырмаларын орындау Рефлексивті күнделік |
| | ОБӨЖ/БӨЖ. Дәрілік заттардың өзара әрекеттесуі. | Дәрілік заттардың өзара әрекеттесуі түрлері. Дәрілік заттардың фармакокинетикалық өзара әрекеттесуі. Дәрілік заттардың фармакодинамика-лық әрекеттесуі. | | ОН1 ОН4 ОН6 | 1/6 | Журнал клубы | Презентация, ЭССЕ |

| | | | | | | |
|---|---|--|---------------------------------|-----|--|---|
| | | Дәрілік заттардың тағаммен, алкогольмен және шөптік препараттармен әрекеттесуі. Дәрілік заттардың өзара әрекеттесуіне әсер ететін факторлар. | | | | |
| 2 | Дәріс Өкпенің және бронхтың аурулары Атипті пневмония. Ауруханадан тыс пневмония. | Бета-адренергиялық агонистердің, ингаляциялық глюкокортикоидтардың, м-антихолинергиялық заттардың, муколитиктердің және қақырық түсіретін дәрілердің клиникалық фармакологиясы: әсер ету механизмі, препараттардың салыстырмалы сипаттамасы, көрсеткіштері, жанама әсерлері. Дәрілік заттарды таңдаудың клиникалық-фармакологиялық тәсілдері, дозалау режимі, пневмонияға қарсы препараттардың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау. | ОН1 | 1 | Шолу | Кері байланыс (сұрақ-жауап) |
| | Тәжірибелік сабақ. Тыныс алу органдары ауруларының клиникалық фармакологиясы. Пневмонияның рационалды фармакотерапиясы. | Дәрілік заттарды таңдаудың клиникалық-фармакологиялық тәсілдері, дозалау режимі, пневмонияға қарсы препараттардың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау. Бета-адренергиялық агонистердің, ингаляциялық глюкокортикоидтардың, м-антихолинергиялық заттардың, муколитиктердің және қақырық түсіретін дәрілердің клиникалық фармакологиясы: әсер ету механизмі, препараттардың салыстырмалы сипаттамасы, көрсеткіштері, жанама әсерлері. Халықаралық емдеу хаттамалары | ОН1 ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 | 3 | Сабақтың тақырыбын талқылау Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. | Ауызша сұрау тест тапсырмаларын орындау Рефлексивті күнделік |
| | ОБӨЖ/БӨЖ. Аллергиялық аурулар. | Жоғары сезімталдық реакциялары. Н-рецепторлардың блокаторларының клиникалық фармакологиясы. Аллергиялық риниттің фармакотерапиясында глюкокортикоидтарды қолдану. | ОН2 ОН3 ОН6 | 1/6 | Журнал клубы | Презентация, ЭССЕ |
| 3 | Дәріс Артериялық гипертензия. Егде жастағы адамдар мен жүкті әйелдердегі артериялық гипертензия. | Дәрілік заттарды, дозалау режимін, диуретиктерді (тиазидтер, хлорталидон және индапамидтер), бета-блокаторларды, кальций антагонистерін, АӨФ тежегіштерін және ангиотензин рецепторларының блокаторларын қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау, саналы түрде таңдауға клиникалық және фармакологиялық тәсілдер. Егде жастағы адамдардағы артериялық гипертензия. Жүкті әйелдердегі артериялық гипертензия. | ОН1 | 1 | Шолу | Кері байланыс (сұрақ- жауап) |

| | | | | | | |
|---|--|---|------------------------------------|------------|---|--|
| | <p>Тәжірибелік сабақ. Жүрек-қантамыр жүйесі ауруларының клиникалық фармакологиясы. Жедел коронарлық синдромның және артериялық гипертензияның рационалды фармакотерапиясы.</p> | <p>Дәрілік заттарды, дозалау режимін саналы таңдаудағы клиникалық және фармакологиялық тәсілдер, диуретиктерді, жүрек гликозидтерін, антиангинальды препараттарды қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау. Халықаралық емдеу хаттамалары.</p> | <p>ОН2 ОН3 ОН4 ОН5</p> | <p>3</p> | <p>Сабақтың тақырыбын талқылау</p> <p>Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау.</p> | <p>Ауызша сұрау тест тапсырмаларын орындау</p> <p>Рефлексивті күнделік</p> |
| | <p>ОБӨЖ/БӨЖ. Орталық әсер ететін гипертензияға қарсы препараттардың клиникалық фармакологиясы. Гипертониялық криздің фармакотерапиясының принциптері. Метаболикалық синдромы және қант диабеті бар науқастардағы артериялық гипертензия. Егде жастағы адамдардағы артериялық гипертензия. Жүкті әйелдердегі артериялық гипертензия. Статиндердің, фибраттардың клиникалық фармакологиясы.</p> | <p>Орталық әсер ететін гипертензияға қарсы препараттардың клиникалық фармакологиясы. Гипертониялық криздің фармакотерапиясының принциптері. Метаболикалық синдромы және қант диабеті бар науқастардағы артериялық гипертензия. Егде жастағы адамдардағы артериялық гипертензия. Жүкті әйелдердегі артериялық гипертензия. Статиндердің, фибраттардың клиникалық фармакологиясы.</p> | <p>ОН2 ОН3 ОН6</p> | <p>1/5</p> | <p>Журнал клубы</p> | <p>Презентация, ЭССЕ</p> |
| 4 | <p>Дәріс ST сегментінің көтерілуімен Жедел коронарлық синдром. ST сегментінің көтерілуінсіз Жедел коронарлық синдром Жедел жәрдем сатысында ЖКС</p> | <p>ДЗ таңдауға, дозалау режиміне, нитраттарды, β-блокаторларды, кальций арналарын блокаторларды, антикоагулянттарды қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалауға клиникалық-фармакологиялық тәсілдер. Халықаралық емдеу хаттамалары</p> | <p>ОН1</p> | <p>1</p> | <p>Шолу</p> | <p>Кері байланыс (сұрақ- жауап)</p> |
| | <p>Тәжірибелік сабақ. Жүрек-тамыр жүйесі ауруларының клиникалық фармакологиясы. Ритмнің бұзылуы, қан айналымы жеткіліксіздігі синдромының рационалды фармакотерапиясы.</p> | <p>Дәрілік заттарды, дозалау режимін таңдауды негіздеудің клиникалық және фармакологиялық тәсілдері, аритмияға қарсы препараттарды қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау. Нитраттардың, I-арна ингибиторларының, β-блокаторлардың клиникалық фармакологиясы. Коронарлық артерия ауруын емдеуде антитромботикалық және антикоагулянттық препараттарды қолдану. Антиаритмиялық препараттардың жіктелуі және әсер ету механизмдері. Әр түрлі аритмиялық түрдегі аритмияға қарсы препараттардың әсер ету механизмдері. Халықаралық емдеу хаттамалары.</p> | <p>ОН2 ОН3 ОН4 ОН5</p> | <p>3</p> | <p>Сабақтың тақырыбын талқылау</p> <p>Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау.</p> | <p>Ауызша сұрау тест тапсырмаларын орындау</p> <p>Рефлексивті күнделік</p> |
| | <p>ОБӨЖ/БӨЖ. Жүрек ақаулары.</p> | <p>Жүрек ақаулары. Кенеттен жүрек өлімі.</p> | <p>ОН2 ОН3 ОН6</p> | <p>1/6</p> | <p>Журнал клубы</p> | <p>Презентация, ЭССЕ</p> |

| | | | | | | |
|---|--|--|--|-----|--|---|
| | Кенеттен жүрек өлімі. Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі. | Дәрілік заттарды, дозалау режимін таңдауды негіздеудің клиникалық және фармакологиялық тәсілдері, дәрілік заттарды қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау. Созылмалы жүрек жеткіліксіздігіне арналған препараттар. Халықаралық емдеу хаттамалары. | | | | |
| 5 | Дәріс Жедел ревматикалық қызба және созылмалы ревматикалық жүрек ауруы | Ревматологиядағы рационалды фармакотерапия. Глюкокортикостероидтар, негізгі препараттар: фармакодинамика, фармакокинетика, жанама әсерлер, жанама әсерлерді түзету. Цитостатиктердің және иммуносупрессивті препараттардың клиникалық фармакологиясы. Халықаралық емдеу хаттамалары. | ОН1 | 1 | Шолу | Кері байланыс (сұрақ- жауап) |
| | Тәжірибелік сабақ. Ревматикалық аурулардың ұтымды фармакотерапиясы. Жүрек ақаулары, ревматоидты артрит, остеопороз, реактивті артрит, подагра | Стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың клиникалық фармакологиясы: әсер ету механизмі, жіктелуі, дозалау режимі, жанама әсерлері, көрсеткіштері, қарсы көрсеткіштері. СҚҚП алдын алу және емдеу принциптері – гастропатия. Глюкокортикостероидтардың клиникалық фармакологиясы, әсер ету механизмі, фармакологиялық әсері, қолдану көрсеткіштері, дозалау режимінің ерекшеліктері, қолдану көрсеткіштері. Халықаралық емдеу хаттамалары. | ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 | 3 | Сабақтың тақырыбын талқылау Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. | Ауызша сұрау тест тапсырмаларын орындау Рефлексивті күнделік |
| | ОБӨЖ/БӨЖ. Аралық бақылау №1 | Билет бойынша бағдарламаланған бақылау сұрақтарына жауап беру | ОН1 ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 ОН6 | 2/5 | Тестілеу, ситуациялық сұрақ | Тест, ауызша жауап беру |
| 6 | Дәріс Өңештің және асқазанның аурулары | Дәрілік заттарды, дозалау режимін саналы таңдаудағы клиникалық және фармакологиялық тәсілдер, антацидтерді, м-антихолинэргиктерді, Н-рецепторларды блокаторларды, протонды сорғы тежегіштерін қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау. | ОН1 | 1 | Шолу | Кері байланыс (сұрақ- жауап) |
| | Тәжірибелік сабақ. ГЭРА, гастрит, асқазан жарасын емдеудегі рационалды фармакотерапия. | Антацидтік және антисекреторлық препараттардың клиникалық фармакологиясы: жіктелуі, фармакологиялық әсерлері, көрсеткіштері, жанама әсерлері. Гастропротекторлар мен прокинетианың клиникалық фармакологиясы: жіктелуі, әсер ету механизмі, көрсеткіштері, дозалау режимі, жанама әсерлері. Эрадикациялық терапияға арналған препараттар. ГЭРА, асқазан және он екі елі ішектің ойық жарасын | ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 | 3 | Сабақтың тақырыбын талқылау Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. | Ауызша сұрау тест тапсырмаларын орындау Рефлексивті күнделік |



| | | | | | | |
|---|--|--|---------------------------------|-----|--|---|
| | | емдеудегі заманауи тәсілдер. Халықаралық емдеу хаттамалары. | | | | |
| | ОБӨЖ/БӨЖ. Ішек аурулары. | Ішектің функционалдық аурулары. Миотропты спазмолитикалық және іш жүргізетін дәрілердің клиникалық фармакологиясы: классификациясы, фармакологиялық әсерлері, көрсеткіштері, жанама әсерлері. Диареяны емдеуге арналған препараттардың клиникалық фармакологиясы: әсер ету механизмі, көрсеткіштері, дозалау режимі, жанама әсерлері. | ОН4 ОН6 | 1/6 | Журнал клубы | Презентация, ЭССЕ |
| 7 | Дәріс Ойық жара ауруы. Ойық жаралы колит (Крон ауруы) | Ас қорыту органдары ауруларының тиімді фармакотерапиясы. Ойық жара ауруы мен Крон ауруы кезінде препараттарды қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау, таңдау, мөлшерлеу режимі, негіздеуге клиникалық-фармакологиялық тәсілдер. Халықаралық емдеу хаттамалары. | ОН1 | 1 | Шолу | Кері байланыс (сұрақ- жауап) |
| | Тәжірибелік сабақ. Панкреатит, холецистит, гепатит, бауыр циррозын емдеудегі ұтымды фармакотерапиясы | Гепатопротекторлардың клиникалық фармакологиясы: жіктелуі, фармакологиялық әсері, көрсеткіштері, жанама әсерлері. Бауыр циррозын симптоматикалық емдеуге арналған препараттар. Холеретикалық препараттардың клиникалық фармакологиясы: жіктелуі, әсер ету механизмі, көрсеткіштері, дозалау режимі, жанама әсерлері. Асқорыту ферменттерін тағайындаудың негізгі принциптері. Халықаралық емдеу хаттамалары. | ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 | 3 | Сабактың тақырыбын талқылау Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. | Ауызша сұрау тест тапсырмаларын орындау Рефлексивті күнделік |
| | ОБӨЖ/БӨЖ. Метаболикалық синдром. | Метаболикалық синдромды емдеудің клиникалық-фармакологиялық тәсілі. Метаболикалық синдромда гипергликемияны түзету үшін қолданылатын препараттар. Метаболикалық синдром кезінде глюкозаға төзімділіктің бұзылуын түзету үшін қолданылатын препараттар. метаболикалық синдромы бар науқастарда липидті төмендететін терапия. | ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 ОН6 | 1/6 | Журнал клубы | Презентация, ЭССЕ |
| 8 | Дәріс Бүйрек аурулары және диуретиктердің клиникалық фармакологиясы. | Бүйрек аурулары кезіндегі препараттарды қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігін негіздеуге, таңдауға, дозалау режиміне, бағалауға клиникалық және фармакологиялық тәсілдер. Халықаралық емдеу хаттамалары. | ОН1 | 1 | Шолу | Кері байланыс (сұрақ- жауап) |

| | | | | | | |
|----|--|---|--------------------------|-----|--|---|
| | Тәжірибелік сабақ. Жедел және созылмалы пиелонефриттің ұтымды фармакотерапиясы, жедел және созылмалы гломерулонефрит, СБЖ. | Бүйрек қызметі бұзылған кездегі дәрілік заттардың дозалану принциптері. Бүйрек қызметі бұзылған кездегі дәрілік заттардың дозалану принциптері. Терапиялық препараттарды бақылау. Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі және гемодиализбен ауыратын науқастар үшін препараттың дозалау режимін есептеу. Диуретиктердің клиникалық фармакологиясы. Халықаралық емдеу хаттамалары. | ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 | 3 | Сабақтың тақырыбын талқылау Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. | Ауызша сұрау тест тапсырмаларын орындау Рефлексивті күнделік |
| | ОБӨЖ/БӨЖ. Ауырсыну синдромы мен анестезияның фармакотерапиясы. | Ауырсыну синдромының фармакотерапиясының принциптері. Наркотикалық анальгетиктердің, наркотикалық емес анальгетиктердің, анестетиктердің, бұлшықет босаңсытқыштарының және жергілікті анестезияның клиникалық фармакологиясы. | ОН4 ОН6 | 1/5 | Журнал клубы | Презентация, ЭССЕ |
| 9 | Дәріс Гемостаз жүйесіндегі бұзылулар. Анемия. | Дезагреганттар, антикоагулянттар және тромболитикалық агенттердің клиникалық фармакологиясы. Анемияда қолданылатын препараттарды қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігін негіздеу, таңдау, дозалау режимі, бағалаудың клиникалық-фармакологиялық тәсілдері. Халықаралық емдеу хаттамалары. | ОН1 | 1 | Шолу | Кері байланыс (сұрақ- жауап) |
| | Тәжірибелік сабақ. Теміртапшылықты анемияның, В12 тапшылықты анемияның рационалды фармакотерапиясы. | Анемияда қолданылатын препараттарды қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігін негіздеу, таңдау, дозалау режимі, бағалаудың клиникалық-фармакологиялық тәсілдері. Халықаралық емдеу хаттамалары. | ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 | 3 | Сабақтың тақырыбын талқылау Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. | Ауызша сұрау тест тапсырмаларын орындау Рефлексивті күнделік |
| | ОБӨЖ/БӨЖ. Жедел және созылмалы лейкоз. | Дәрілік заттардың рационалды фармакотерапиясы. Лейкозға қолданылатын препараттарды негіздеу, таңдау, дозалау режимі, тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалаудың клиникалық және фармакологиялық тәсілдері. | ОН6 | 1/6 | Журнал клубы | Презентация, ЭССЕ |
| 10 | Дәріс Қант диабеті. Қалқанша безінің аурулары. | Сульфаниламочевина туындыларын, бигуанидтерді, тиазолидиндиондарды, инсулиндерді қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігін негіздеуге, таңдауға, дозалау режиміне, бағалауға клиникалық және фармакологиялық тәсілдер. Халықаралық емдеу хаттамалары. | ОН1 | 1 | Шолу | Кері байланыс (сұрақ- жауап) |



| | | | | | |
|---|--|--|------------|---|--|
| <p>Тәжірибелік сабақ. Қант диабеті, семіздік, гипотиреоз, гипертиреоздың ұтымды фармакотерапиясы</p> | <p>Қант диабетінде, гипотиреозда, гипертиреозда (левотироксин, метформин, тиамазол) қолданылатын ДЗ қолдану тиімділігі мен қауіпсіздігін негіздеуге, тандауға, мөлшерлеу режиміне, бағалауға клиникалық-фармакологиялық тәсілдер. Халықаралық емдеу хаттамалары.</p> | <p>ОН2 ОН3 ОН4 ОН5</p> | <p>3</p> | <p>Сабақтың тақырыбын талқылау Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау.</p> | <p>Ауызша сұрау тест тапсырмаларын орындау Рефлексивті күнделік</p> |
| <p>ОБӨЖ/БӨЖ. Аралық бақылау №2</p> | <p>Билет бойынша бағдарламаланған бақылау сұрақтарына жауап беру</p> | <p>ОН1 ОН3 ОН4 ОН5 ОН6</p> | <p>2/5</p> | <p>Тестілеу, ситуациялық сұрақ</p> | <p>Тест, ауызша жауап беру</p> |

Аралық аттестаттауды дайындау және өткізуу

12

| | | |
|--|--------------------------|--|
| <p>9. Оқыту және бағалау әдістері</p> | | |
| <p>9.1</p> | <p>Дәріс</p> | <p>Шолу, Кері байланыс (сұрақ- жауап).</p> |
| <p>9.2</p> | <p>Тәжірибелік сабақ</p> | <p>Клиникалық хаттамалармен жұмыс жасау. Ауызша сұрау, тесттік тапсырмаларды орындау, Рефлексивті күнделік</p> |
| <p>9.3</p> | <p>ОБӨЖ/БӨЖ</p> | <p>Журнал клубы, Презентация, ЭССЕ</p> |
| <p>9.4</p> | <p>Аралық бақылау</p> | <p>Тестілеу, ситуациялық сұрақ, Тест, ауызша жауап беру</p> |

10. Бағалау критерийлері

10.1 Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

| ОН № | Оқыту Нәтижелері | Қанағаттанарлық ыз | Қанағаттанарлық | Жаксы | Өте жаксы |
|------------|---|--|---|--|--|
| <p>ОН1</p> | <p>Дәрілік заттарды тиімді және қауіпсіз пайдалану мәселелері бойынша білімдерін көрсетеді.</p> | <p>1) Дәрілік заттардың жіктелуі мен номенклатурасына бағытала алмайды. 2) Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы, олардың жанама реакциялары, қолдану көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсете алмайды.</p> | <p>1) Дәрілік заттардың жіктелуі мен номенклатурасына бағытала алмады. 2) Дәрілерді қолдану бойынша нұсқаулар мен анықтамалық материалдар бойынша фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы, жанама әсерлері, қолдану көрсеткіштері мен қарама қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсете алады.</p> | <p>1) Дәрілік құралдың фармакологиялық және терапиялық тобын анықтайды. 2) Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы, қолдану көрсеткіштері мен қарама қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсете алады. 3) Жеке топтардағы дәрілік құралдарының болуы мүмкін жанама әсерлері туралы ескертеді. 4) Жеке топтардағы дәрілік құралдарының өзара әсерлесуі туралы ескертеді.</p> | <p>1) Дәрілік заттардың әр түрлі жіктелуі мен номенклатурасына бағытала алады. 2) Дәрілік құралдың фармакологиялық және терапиялық тобын анықтайды. 3) Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы, жанама әсерлері, қолдану көрсеткіштері мен қарама қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсете алады. 4) Дәрілердің болуы мүмкін жанама әсерлерін тани алады және жанама әсерлердің алдын алу мен түзету жолдарын біледі. 5) Дәрілердің уытты әсерлерінің болу мүмкіндігін бағалайды.</p> |

| | | | | | |
|-----|---|---|--|--|---|
| | | | | | 6) Дәрілік заттарды фармакологиялық топтарда, генерацияларда (буындарында) фармакокинетикалық және фармакодинамикалық параметрлері бойынша салыстырады. |
| ОН2 | Дәрі-дәрмектерді таңдайды, дәрі-дәрмектерге рецепт жазады, жас ерекшеліктерін және организмнің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мөлшерлеу режимін анықтайды | 1) Дәрілік заттардың жалпы фармакологиялық тобын анықтайды. 2) Рецептті қателіктермен жазады | 1) Дәрілік заттардың фармакологиялық тобын мүшелер мен жүйелер бойынша таңдайды 2) Анықтамалық әдебиеттерді/көздерді пайдалана отырып рецепт жазады | 1) Ең жиі кездесетін ауруларды емдеу және алдын алу үшін дәрілік құралдарды таңдайды. 2) Берілген дәріге рецептті қатесіз жазады. Препараттың дозасын есептейді. | 1) Қолдану көрсеткіштеріне, қарама қарсы көрсеткіштеріне және жанама әсерлеріне қарай әртүрлі фармакологиялық топтардан дәрілерді таңдайды. 2) Жасына, жынысына, функционалдық ерекшеліктеріне қарай ең қолайлы дәрілік препаратқа рецепт жазады. 3) Әртүрлі әдістермен дозаларды есептеуді жүзеге асырады және препаратты қолдану жиілігі мен ұзақтығын анықтайды. |
| ОН3 | Дәрі-дәрмектердің жағымсыз әсерлерін таниды, дәрілердің жанама әсерлерінің алдын-алуды және түзетуді жүзеге асырады. | 1) Дәрілердің жанама әсерлерін анықтамайды. | 1) Дәрілік құралдардың жанама әсерлерін тек анықтамалық материал негізінде анықтайды. | 1) Фармакологиялық топқа байланысты дәрілік заттардың жағымсыз әсерін таниды | 1) Дәрілік құралдардың жағымсыз әсерлерін таниды, жанама әсерлерінің алдын алады және түзетеді.. Дәрілерді ұйытты әсер ету мүмкіндігін бағалайды |
| ОН4 | Дәрілік препараттардың фармацевтикалық, фармакокинетикалық және фармакодинамикалық өзара әрекеттесуін болжайды | 1) Дәрілік заттардың өзара әсерлесуі туралы алынған ақпаратты пайдалана алмайды. | 1) Мамандар мен маман еместерге кеңес беру үшін әртүрлі көздерден дәрілік заттардың болуы мүмкін өзара әсерлесулері туралы ақпаратты жинайды. | 1) Дәрілік заттардың бір-бірімен, азық-түлікпен, дәрілік өсімдіктермен және т.б. мүмкін өзара әсерлесулері туралы ақпарат көздерінен мамандар мен маман емес тұрғындарға кәсіби кеңес беру үшін ақпарат жинайды. | 1) Аргументтерді тұжырымдайды, дәрілік препараттардың болуы мүмкін өзара, тағаммен, дәрілік өсімдіктермен әсерлесуін бағалайды. |
| ОН5 | Сапалы медициналық көмек көрсету мақсатында денсаулық сақтау ісі | 1) Дәрілік заттар бойынша алынған ақпаратты тұрғындарға және | 1) Мамандарға және маман еместерге жеткізу үшін әртүрлі ақпарат | 1) Мамандар мен маман емес тұрғындарға кәсіби кеңес беру үшін | 1) Дәрілік заттар туралы ақпаратты талдайды |



| | | | | | |
|-------------|--|---|---|---|---|
| | мамандарымен тиімді өзара іс-әрекет жасауға қабілетті. | денсаулық сақтау саласының мамандарына кеңес беру үшін пайдалана алмайды. | көздерінен дәрілік заттар туралы ақпаратты жинайды. | әртүрлі ақпарат көздерінен дәрілік заттар туралы ақпарат жинайды. | |
| ОН 6 | Сәйкес зерттеу мәселелерін тұжырымдауға, кәсіби әдебиетті сыни бағалауға, өзінің күнделікті қызметінде дәрілік заттардың халықаралық дерекқорларын, емдеудің клиникалық хаттамаларын тиімді пайдалануға қабілетті. | 1) Дәрі-дәрмектер бойынша дәлелді медицина базасында жұмыс істеу дағдысы жоқ. | 1) Дәрілік құралдар бойынша анықтамалық дереккөз қорынан ақпаратты іздейді. | 1) Дәлелді медицина принциптеріне негізделген, халықаралық дәрі-дәрмектер туралы базадан ақпаратты іздейді. | 1) Дәлелді медицина принциптеріне негізделген, халықаралық дәрі-дәрмектер туралы базадан ақпаратты іздейді және интерпретациялайды. |
| 10.2 | Бағалау әдістері және критерийлері | | | | |
| | Тәжірибелік сабаққа арналған тексеру парағы | | | | |
| | Ауызша жауап | | | | |
| 1 | Жауап беру кезінде магистрант рұқсат бермеген жағдайда белгіленіз кез келген қателер немесе дәлсіздіктер. Теорияларға, концепцияларға бағдарланған және оқытылатын пән бойынша бағыт-бағдар беріп, оларға сыни баға береді бағалау, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін пайдаланады. | | | | 90-100 |
| 2 | Жауап беру кезінде білім алушы рұқсат бермеген жағдайда белгіленіз жауапта өрескел қателер, шамалы дәлсіздіктер немесе іргелі қателерді білім алушы өзі түзете алды мұғалімнің көмегімен бағдарламалық материалды жүйелеу. | | | | 70-89 |
| 3 | Жауап кезінде магистрант рұқсат етсе қойылады тек оқу-тәрбиемен ғана шектелген дәлсіздіктер мен принципсіз қателер мұғалім көрсеткен әдебиет, тәжірибелі материалды ұйымдастырудағы қиындықтар | | | | 50-69 |
| 4 | Жауап кезінде магистрант рұқсат етсе қойылады іргелі қателер, тақырып бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс істемеді дәрістер; пәннің ғылыми терминологиясын қолдануды білмейді, өрескел стилистикалық және логикалық қателермен жауап береді. | | | | 0-50 |
| | Рефлексиялық күнделік | | | | |
| | Тақырып Рефлексия сұрақтарына жауап беру Мен бүгін не білдім? Тағы не білгім келеді? 1. Алынған тәжірибе - Не болды, сіздің оқиғаның сипаттамасы – осы тәжірибені талдаңыз а.зерттеу жобаларында, дәрістерде, презентацияларда, заттай зерттеулерде немесе басқа оқу процестерінде жұмыс кезінде жазбалар алыңыз. 2. Жазбаларыңызды / тәжірибенізді талдаңыз және олардың ішінен күнделікке назар аударатын бөлікті таңдаңыз. а.таңдалған мәселелер туралы ойларыңызды, сезімдеріңізді, пікірлеріңізді және пікірлеріңізді жазыңыз, түсініктеме беріңіз, сұрақтар қойыңыз, сынға алыңыз және дауласыңыз. b.оқу журналында әрқашан өз ойларыңыз бен дәлелдеріңізді көрсеткеніңізге көз жеткізіңіз. c. ойлануға арналған пайдалы сұрақтар: | | | | Күнделіктің барлық сұрақтарына жауап беру кезінде 100 балл қойылады Күнделіктің 60 тан астам сұрағына жауап бергенде 80 балл қойылады Күнделіктің 50 сұрағына жауап бергенде 60 балл қойылады |



| | | | | | | | | | |
|--|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Слайд стилі (мысалы, PowerPoint құралдарын пайдалану). Слайдтар эстетикалық тартымды, жапсырмалар дұрыс пайдаланылған, анық және қысқа. | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Сөйлеу (мысалы, жеткілікті дыбыс, жылдамдық, интонацияны тиімді пайдалану, үзіліс) | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Сыртқы түрі, сөйлеу мәнері (ым-ишара әсерлі, бірақ шамадан тыс емес, көзбен байланыс орнату, аудитория алдындағы поза, подиумды пайдалану) | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Әсер ету қабілеті (мысалы, презентация тегіс, тәжірибе сезіледі. Өзіл орынды қолданылды ма? Сенімділік көрсету. | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Тақырыпты / мақаланы таңдау (мысалы, қазіргі, ғылыми немесе клиникалық құндылығы, жаңа, даулы) | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

Аралық аттестаттауға арналған тексеру парағы

Тест- Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесіне сәйкес бағаланады

Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесіне

| Әріптікжүйеменбағалау | Әріптікжүйеменбағалау | Әріптікжүйеменбағалау | Әріптікжүйеменбағалау |
|-----------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | Қанағаттанарлық |
| C | 2,0 | 65-69 | |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D- | 1,0 | 50-54 | Қанағаттанарлықсыз |
| FX | 0,5 | 25-49 | |
| F | 0 | 0-24 | |

11. Оқу ресурстары

| | |
|--|---|
| Электрондық ресурстар, соның ішінде, бірақ онымен шектелмейді: мәліметтер базасы, анимациялық симуляторлар, кәсіби блогтар, веб-сайттар, басқа электронды анықтамалық материалдар (мысалы: видео, аудио, дайджест) | <ul style="list-style-type: none"> • Электронная библиотека ИОКМА - https://e-lib.skma.edu.kz/genres • Республиканская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ) – http://rmebrk.kz/ • Цифровая библиотека «Aknurpress» - https://www.aknurpress.kz/ • Электронная библиотека «Эпиграф» - http://www.elib.kz/ • Эпиграф - портал мультимедийных учебников https://mbook.kz/ru/index/ • ЭБС IPR SMART https://www.iprbookshop.ru/auth • Информационно-правовая система «Заң» - https://zan.kz/ru • Medline Ultimate EBSCO - https://research.ebsco.com/ • eBook Medical Collection EBSCO - https://research.ebsco.com/ • 10.Scopus - https://www.scopus.com/ |
| Электрондық оқулықтар | <ol style="list-style-type: none"> 1. Асқорыту ағзалары ауруларының фармакотерапиясы. [Электронный ресурс]: Оқулық/ Керімбаева З. А., Орманов Н.Ж., Джакипбекова З.К., Орманов Т.Н. Шымкент, 2018ж. 2. Айдарбаева Д.К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование. Учебное пособие. 2019 https://aknurpress.kz/reader/web/1047 3. Дюсембаева Н.К. Клинико-фармакологические подходы к периоперационной антитромботической терапии. Уче пособие. 2016 https://aknurpress.kz/reader/web/1560 4. Фармакология негіздері және рецептурасы Шайдаров М.З., Мұхамбетов Д.Д., Мусин М.Н., Бүркітбаева С.С., Жусупова Г.Д , 2018 https://aknurpress.kz/reader/web/1386 |



| | |
|---------------------------------|---|
| | <p>5. Орманов Н.Ж., Фармакотерапия (дәрілермен науқастарды емдеу) клиникалық фармакология. Том-1 - Алматы: Эверо, 2020. https://elibr.kz/ru/search/read_book/3134/</p> <p>6. Орманов Н.Ж., Фармакотерапия (дәрілермен науқастарды емдеу) клиникалық фармакология. Том-2 - Алматы: Эверо, 2020. https://elibr.kz/ru/search/read_book/3135/</p> <p>7. Калиева Ш.С., Минакова Н.А.. Клиническая фармакология и рациональная фармакотерапия. Том 1 – Учебник. – Эверо, 2020. https://elibr.kz/ru/search/read_book/835/</p> <p>8. Калиева Ш.С., Симохина Н.А. Клиническая фармакология и рациональная фармакотерапия / Том 2 – Учебник / Калиева Ш.С., Симохина Н.А. / Алматы: издательство: «Эверо», 2020. https://elibr.kz/ru/search/read_book/836/</p> <p>9. Калиева Ш.С. Клиническая фармакология и рациональная фармакотерапия в ревматологии: учебник. Алматы: Эверо, 2020. https://elibr.kz/ru/search/read_book/6463/</p> <p>10. Калиева Ш.С. Клиническая фармакология и рациональная фармакотерапия в гастроэнтерологии: учебник. Алматы: Эверо, 2020. https://elibr.kz/ru/search/read_book/6462/</p> |
| Зертханалық физикалық ресурстар | |
| Арнайы бағдарламалар | |
| Журналдар (электронды) | |
| Әдебиет | <p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Калиева, Ш. С. Клиническая фармакология и рациональная фармакотерапия. Том 1: учебник / - Алматы: Эверо, 2016. - 460 с 2. Калиева, Ш. С. Клиническая фармакология и рациональная фармакотерапия. Том 2: учебник / Ш. С. Калиева, Н. А. Симохина. - Алматы: Эверо, 2016. - 288 с. 3. Құлмағамбетов И. Р. Клиникалық фармакология. 1-бөлім: оқу құралы. - Алматы: New book, 2022. - 320 бет. 4. Құлмағамбетов И. Р. Клиникалық фармакология. 2-бөлім: оқу құралы. - Алматы: New book, 2022. - 376 бет. 5. Кузнецова, Н. В. Клиническая фармакология: учеб.для мед. училищ и колледжей - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 272 с 6. Рахимов, К. Д. Клиникалық фармакология: оқу құралы - Алматы: ЖШС "Жания-Полиграф", 2013 <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құлмағамбетов, И. Р. Клиникалық фармакология. 1-бөлім: оқуқұралы - Алматы: Эверо, 2014. - 320 бет. 2. Құлмағамбетов, И. Р. Клиникалық фармакология. II-бөлім:оқуқұралы. - Алматы: Эверо, 2014. - 392 бет 3. Дәнекер ұлпалар ауруларының фармакотерапиясы: оқулық / З. А. Керімбаева [ж.б.]. - Алматы: Эверо, 2016. - 184 б. с. 4. Орманов, Б. Н. Клиническая фармакология для акушеров-гинекологов: учеб-методическая пособия / . - ; Утв. на центр. методич. Совете ЮКГМА. - Алматы: Эверо, 2014. - 180 с. 5. Дубицкий, А. А. Краткий справочник клинических терминов: справочное издание. - Алматы: Эверо, 2014 6. Аскорыту ағзалары ауруларының фармакотерапиясы.: оқуқұралы/ Н.Ж. Орманов, Г.Ж. Садырханова. 2013. 7. Тыныс алу жолдары ағзалары ауруларының фармакотерапиясы.: оқу құралы/ Н.Ж. Орманов. 2013. |



12. Пән саясаты

1. Тәжірибелік сабақтарда белсенді болу;
2. Топта жұмыс жасай білу;
3. Алдағы дәріс тақырыбы туралы білу, дәріс туралы кері байланысқа дайын болу;
4. Дәрістер, тәжірибелік сабақтар мен ОБӨЖ/БӨЖ сабақтарының кестесіне сәйкес күн сайын тапсырмаларды орындауы қажет;
5. Сабақта белсенділік танытпаған және тапсырманы орындамаған жағдайда, жаза шаралары қолданылады және практикалық сабақ бойынша балл төмендейді;
6. Пікірталастарға қатысу, жеке және топтық тапсырмаларды орындау, зерттеулер жүргізу және басқа ресурстарды орындау;
7. Сабақтарды себепсіз жібермеу;
8. Сыртқы түрі ұқыпты болу керек;
9. Сабаққа кешікпеу;
10. Жұмыс орнын таза ұстау.
11. Әр қатыспаған дәріс үшін аралық бақылаудың бағасы 1 баллға төмендейді, әр жіберілген ОБӨЖ сабағы үшін БӨЖ бағасы 2 баллға төмендейді. Емтиханға жіберілу рейтингі практикалық сабақтың орташа баллынан, БӨЖ, аралық бақылаудан тұрады. Пән бойынша емтиханға жіберудің қорытынды рейтингі кемінде 50 баллды (60%) құрауы керек.

13. Академияның моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат

Академияның моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат

Білім алушылардың жазбаша, емтиханға жауап беру кезінде, зерттеу барысында, өз ұстанымын білдіруде, оқытушылармен, студенттермен және әкімшілікпен қарым-қатынаста адалдығын білдіру, академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.

Қорытынды баға (100%) = жіберу рейтингі (60%) + қорытынды бақылау (40%)

Жіберу рейтингі (60%) = межелік бақылаулардың орташа бағасы (20%) + ағымдық бақылаудың орташа бағасы (40%)

Аралық бақылаулардың орташа бағасы = аралық бақылау 1 + аралық бақылау 2

Ағымдағы бақылаудың орташа бағасы = БӨЖ бойынша орташа бағаны есепке ала отырып ағымдағы бағалардың орта арифметикалық сомасы

Қорытынды баға (100%) = АБ ор x 0,2 + Ағ ор x 0,4 + ҚР x 0,4

АБ ор - аралық бақылаудың орташа бағасы

Ағ ор - ағымдағы бақылаудың орташа бағасы

ҚР - қорытынды бақылау бағасы

Білім алушының оқу пәнін меңгеру деңгейі халықаралық практикада қабылданған сандық эквиваленті бар әріптік жүйеге (оң бағалар, кему шамасына қарай "А"-дан "D" - ге дейін және "қанағаттанарлықсыз" - "FХ", "F") және дәстүрлі жүйе бойынша бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша бағаланады.

14. Келісу, бекіту және қайта қарау

| 14. Келісу, бекіту және қайта қарау | Хаттама № | ҚАО меңгерушісі Т.А.Ж. Дарбичева Р.И. | Қолы |
|--|--------------------|---|------|
| Кітапхана-ақпараттық орталығымен келісілген күні | 25.06.25 | | |
| Кафедрада бекітілген күні | Хаттама № 15.06.25 | Кафедра меңгерушісі Т.А.Ж. Токсанбаева Ж.С. | |
| «Медицина» бағытындағы ББ АҚ мақұлданған күні | Хаттама № 24.06.25 | ББ АҚ төрайымының Т.А.Ж. Әуезханқызы Д. | |
| Қайта қарау күні | Хаттама № | Кафедра меңгерушісі Т.А.Ж. | Қолы |
| ББ АҚ қайта қарау күні | Хаттама № | ББ АҚ төрайымының Т.А.Ж. | Қолы |

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

41/

«Клиникалық фармакология» пәнінің жұмыс бағдарламасы

16 беттің 15 беті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

MEDISINA

AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL

ACADEMY

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

41/

«Клиникалық фармакология» пәнінің жұмыс бағдарламасы

16 беттің 16 беті